

A decorative illustration on the left side of the slide features a cluster of yellow and white flowers, green leaves, and a small butterfly. The flowers are arranged in a vertical, slightly curved pattern, with some yellow flowers and some white flowers. The leaves are green and have a serrated edge. A small butterfly is perched on one of the flowers. The entire illustration is set against a light green background that is part of a larger green rectangular area with an orange border.

*Солтүстік
Американың
климаты*

СОЛТҮСТІК АМЕРИКА СОЛТҮСТІК ЖАРТЫ ШАРДА
ЕУРАЗИЯМЕН ҚАТАР ОРНАЛАСҚАНДЫҚТАН,
КЛИМАТТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ ҰҚСАС БОЛЫП
КЕЛЕДІ. МАТЕРИК СОЛТҮСТІК ЖАРТЫ ШАРДАҒЫ
ЭКВАТОРЛЫҚ БЕЛДЕУДЕН БАСҚА БАРЛЫҚ
КЛИМАТТЫҚ БЕЛДЕУЛЕРДІ КЕСІП ӨТЕДІ.

МАТЕРИК АУДАНЫНЫҢ ЕУРАЗИЯҒА ҚАРАҒАНДА
ШАҒЫН БОЛУЫ; СОЛТҮСТІК ПОЛЮСКЕ
НЕҒҰРЛЫМ ЖАҚЫН ОРНАЛАСУЫ; ОҢТҮСТІГІНЕ
ҚАРАЙ СҮЙІРЛЕНУІ; БАТЫСЫ БИІК БАУЛЫ, АЛ
ШЫҒЫСЫНЫҢ АЛАСА БОЛУЫ; ЕНДІК БАҒЫТТАҒЫ
ТАУЛАРДЫҢ БОЛМАУЫ – МІНЕ ОСЫНЫҢ
БАРЛЫҒЫ КЛИМАТТЫҢ ӨЗІНДІК
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ.

Материктің солтүстігіндегі мәңгі мұз құрсап, қар жамылғысы қалың жататын аудандарда күн сәулесінің кері шағылысуы күшейеді. Сондықтан ауа температурасы төмен болады, осында қалыптасқан суық ауа массалары еш кедергісіз оңтүстігіндегі Мексика шығанағына дейін өтіп кетеді. Оның нәтижесінде субтропиктік белдеуде де қар жаады. Солтүстік Американың шығысындағы Атлант мұхитынан келетін жылы, ылғалды ауа массалары Арктикадан келетін суық ауа массаларының әсерін шектеп отырады. Материктің батысында орналасқан Кордильераның биік жоталары Тынық мұхиттан келетін ауа массаларының құрлыққа тереңдеп енуіне кедергі келтіреді. Сондықтан оңтүстікте Мексика шығанағы үстінде қалыптасатын тропиктік ауа массалары солтүстікке қарай емін-еркін өте алады.

Сондықтан күшті желдер мен құйын тәрізді қозғалатын дауылдар – торнадо жиі байқалады. Жылдамдығы сағатына 800 км-ге жететін кенеттен пайда болатын торнадо көп апат әкеледі: жүріп өткен жолында алып ағаштарды тамырымен қопарып, үйлерді қиратып, ірі заттарды да көтеріп әкетеді. Орталық жазықта аңыздықтар мен құрғақшылық, топырақтың құнарлы қабатын ұшырып әкететін шаңды дауылдар жиі байқалады. Ал Атлант мұхиты жағалауындағы тропиктік ендіктерде жаздың аяғы мен күздің басында мұхиттан соғатын өте күшті, апатты дауылдар – ураган жиі болып тұрады. «Ураган» майя тілінде «дауыл құдайы» дегенді білдіреді.

Солтүстік Американың климаты алуан түрлі. Канаданың Арктикалық архипелагында, Гренландия қаңтардың орташа температурасы -40°C , ал материктің оңтүстігінде $+20^{\circ}\text{C}$ болады. Шілденің орташа температурасы солтүстік жағалық бөліктерінде $+8^{\circ}\text{C}$ -қа әрең жетсе, оңтүстігіндегі кейбір жерлерде $+30^{\circ}\text{C}$ -тан асады.

Жауын-шашынның жылдық мөлшері де әркелкі. Материктің оңтүстік-шығысы мен Кариб теңізінің аралдарында жауын-шашын көп түседі, солтүстікке және батысқа қарай жауын-шашын біртіндеп кемиді. Тек Кордильераның солтүстік-батыс жағалауындағы тау беткейлерінде жауын-шашын мөлшері қайта артады. Оған батыс желдері ықпал етеді.